

12 тамыз
Сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

АЛҒАШҚЫ ЖИЫНДА АЙТЫЛҒАН МӘСЕЛЕ - АУЫЛ ЖАСТАРЫН ҚОЛДАУ

ЖАСТАР – ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ, ЕЛ ЕРТЕҢІНІҢ КЕПІЛІ. ОЛАРДЫҢ БІЛІМГЕ, ЕҢБЕККЕ, ЖАҒАШЫЛДЫҚҚА ДЕГЕН ҚҰЛШЫНЫСЫ МЕН ҰМТЫЛЫСЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ. ОСЫ ОРАЙДА, ӨТКЕН СӨРСЕНБІ КҮНІ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНДА 2025 ЖЫЛҒЫ АУДАН ӘКІМДІГІ ЖАНЫНДАҒЫ ЖАСТАР ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ БІРІНШІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. КЕҢЕСКЕ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ТӨРАҒАЛЫҚ ӨТТІ.



ЖАСТАР МЕН БИЛІК – БІР АЛАҢДА

Кеңес отырысына аудандық мәслихат төрағасы, ауылдық округ әкімдері, тиісті мекеме басшылары, ауданның белсенді жастары, “Жасыл ел” еңбек жасақшылары қатысты. Бұл – жастар саясаты мәселелерін ашық талқылауға, ұсыныстарды тікелей жеткізуге мүмкіндік берген алаң болды. Алғашқы кеңестің күн тәртібінде Саралжын, Көптоғай, Сарбие ауылдық округтеріндегі мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуы мен жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалардың орындалу жайы талқыланды. Ауылдық округ әкімдері баяндамаларында жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру,

спорттық және мәдени шараларды көбейту, білім мен еңбекке баулу бағытында атқарылған жұмыстарды атап өтті. Сонымен қатар, кәсіпкерлікті дамытуға арналған мемлекеттік қолдау тетіктерінің нәтижелері мен кемшіліктеріне тоқталды.

ЖАСТАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Кеңес барысында сөз алған жастар өкілдері ауылдық жерлерде бос уақыт өткізетін орындардың жетіспеушілігін, кәсіп ашуға байланысты гранттық бағдарламалар жайлы сауалдарын қойды. Олар бұл мәселелерді шешу үшін семинарлар, кәсіпкерлікке үйрететін тренингтер, мәдени және спорттық инфрақұрылымды жақсарту сынды ұсыныстарын жеткізді.

Кеңес төрағасы Асқар Қайырғалиұлы жастардың ұсыныстарын назарға алып, тиісті бөлімдер мен округ әкімдеріне нақты тапсырмалар жүктеді. «Жастар – біздің болашағымыз. Сіздердің әр бастамаларыңыз, әр идеяларыңыз ауданның дамуына үлес қосады. Сондықтан біз сіздерді қолдауға әрқашан дайынбыз», – деді аудан әкімі.

ЖАСТАР ЕҢБЕГІНЕ ҚҰРМЕТ Кеңес соңында 12 тамыз – Халықаралық жастар күні қарсаңында барлық ауылдық округтерде өткізілген жастар форумдарының қорытындысы жарияланды. Форумдарда белсенділік танытып, аудандық жастар ресурстық орталығымен тығыз байланыста жұмыс істеген жастар бірлестіктерінің мүшелері

мен “Жасыл ел” еңбек жасақшылары аудан әкімінің дипломдары, алғыс хаттары және естелік сыйлықтарымен марапатталды. **P.S. КЕҢЕС ЖҰМЫСЫ КӨРСЕТКЕНДЕЙ, ОЙЫЛ ЖАСТАРЫ БЕЛСЕНДІ, АЛ БИЛІК ӨКІЛДЕРІ ОЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫН ТЫҢДАУҒА ДАЙЫН. МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ОСЫНДАЙ АШЫҚ ДИАЛОГ ПЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС – АУДАНЫҢ БОЛАШАҒЫНА СЕНИМДІ ҚАДАМ. КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ЖАСТАР МЕН БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС АРТЫП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫН ТАҒЫ БІР МӨРТЕ ДӘЛЕЛДЕДІ.**

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

АҚАРЫС - ҰЗДІК ОЙЫНШЫ

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ӨТКЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЧЕМПИОНАТЫНА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ КОМАНДАСЫ ҚАТЫНАСЫП, ЧЕМПИОНАТТЫҢ ҮШІНШІ ОРНЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗІП, ҚОЛА МЕДАЛЬГА ИЕ БОЛДЫ.



Ақтөбе облысы құрама командасы сапында жерлеріміз Бекжан Сәрсенбаев пен Ақарыс Нұрымжандар өнер көрсетіп, облыстың құраманың жеңісіне мейлінше үлес қосты. Ақарыс Нұрымжан болса республика чемпионатының “Үздік ойыншысы” номинациясының ие болып өзінің шеберлігін паш кетті. Сондықтан, жерлесіміз Ақарысты және үздік ойыншымыздың үздік болуына аянбай еңбек еткен Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Рахат Сәлімұлын үлкен жеңісімен құттықтаймыз!

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



«Құрылысшылар күні» кәсіби мерекесі қарсаңында аудан әкімі Асқар Қазыбаев аудандағы құрылысшыларды қабилдады. Аудан басшысы оларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, ауданда осы салада жеткен жетістіктеріне мереке иелерінің үлесі зор екендігін жеткізді. Қабылдауда ауданның құрылыс саласының дамуына өзіндік үлес қосып жүрген бірқатар азаматтарға аудан әкімінің «Алғыс хаты» мен естелік сыйлығы табысталды. Тарқатып айтсақ, ұзақ жыл құрылыс саласында еңбек еткен Мұқан Тілеубаев, «Интерстиль» ЖШС құрылыс бастығы Құнанбай Бисенғалиев, «Интерстиль» ЖШС құрылыс шебері Абзал Бақтыгереев,

«BF элит» құрылыс» ЖШС бригадирі Бауыржан Төребек, «BF элит» құрылыс» ЖШС бригадирі Ержан Өтепов, «САҚ групп» ЖШС учаске бастығы Жанұзақ Асанов, «Тенгистройсервис ГРУПП» ЖШС жоспарлау техникалық бөлімінің бастығы Жайна Нұрғалиева және құрылысшы Бағдат Базарбаев сынды азаматтар марапатталды. Кездесу барысында аудан басшысы бастысы халықтың игілігіне берілетін нысандардың құрылысын сапалы жүргізудің маңызын айтып, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Марапат иелері мереке қарсаңында назардан тыс қалдырмай құрмет көрсеткен аудан басшысына алғыстарын жеткізіп, ауданның дамуына өз тілектерін білдірді.

ҚАРАОЙДЫҢ БЕРЕКЕЛІ БІРЛІГІ

8 тамыз күні Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы орталық саябақта ерекше көңіл күй орнады. Ауыл көшелерінде мереке лебі сезіліп, адамдар жүзінде қуаныш пен шаттық байқалды. «Қараой – бірліктің бесігі, берекеңнің мекені» атты үйренмен өткен «Ауыл Fest» ауыл халқы асыға күткен ауыл өмірінің сан қырын паш етуге арналған айтулы шара болды.

Түстен кейін жастар ресурстық орталығында «Шежіре» сөйлеген шұрайлы мекен» атты ерекше басқосу өтті. Бұл жиында ауылдан түлеп ұшқан, бүгінде түрлі салада жетістікке жеткен тұлғалар жиналып, туған жердің өткенін еске алып, жас буынға ақыл-кеңес берді. Өмір жолында жинаған тәжірибесі мен ақыл-кеңесін жастарға жеткізген олардың әр сөзі-ұрпаққа аманат, туған жерге деген құрметтің жарқын үлгісі болды. Кешкі сағат 19:00-де ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәр-



меңесі басталды. Қызыл-жасыл бау-бақша өнімдері, дәмі тіл үйіретін бал мен қымыз – бәрі де жергілікті шаруалардың маңдай терінің жемісі. Жәрмеңке алаңын аралаған әр қонақ өзіне қажеттісін тауып, ауылдың шынайы дәмін сезінді. Әрі қарай шара «Қараой – ауыл өмірінің айнасы» атты

мәдени бағдарламамен жалғасын тапты. «Тағылым» аналар клубы ұсынған жүннен жасалған бұйымдар көрмесі көпшілікті тәнті етті. Өжелер мен апалар тоқыма өнерінің қыр-сырын көрсетіп, келгендерге шеберлік сағатын өткізді. Сондай-ақ, ауылдан шыққан белгілі азаматтар жайлы деректер ұсынылып,

«Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасына қатысушылардың еңбегі таныстырылса, спорт алаңында қызықты бәсекелер басталды. Ерлер мен әйелдер арасында өткен қол күрес сайысы, ал ерлер арасында гір көтеру жарысы көрермендерді дүрліктірді. Қолдаушылардың айқайы мен қошеметі спортшыларға ерекше күш берді. Кешкі сағат 20:30-да сахна төрінде фестивальдің ресми ашылуы өтті. Ауыл әкімі, қонақтар мен ардагерлер құттықтау сөз сөйлеп, ауылдың жетістіктерін атап өтті. Белсенді азаматтар марапатталып, қонақтарға дастарқан жайылып, ауылдың қонақжай дәстүрі паш етілді. Мереке соңында сахнада концерттік бағдарлама басталды. Жергілікті өнерпаздар әсем ән шырқап, мың бұралған би биледі. Аудан аспанында түн ортасына дейін шаттық пен қуаныш әуені қалықтады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ



ҚАРАСУДЫҢ ҚАРАНАРЫ

УАҚЫТТЫ ЕШКІМ ТОҚТАТА АЛМАЙДЫ. ӨМІР-ӨЗЕН ЖЫЛЖЫП АҒА БЕРЕДІ, АДАМНЫҢ АРТЫНДА ІЗГІ АМАЛ ІСТЕРІ ҚАЛАДЫ. ТУЛАҒАН ТОЛҚЫН ШАЯ АЛМАЙТЫН ТОЛАҒАЙ ТІРЕКТІ ТАЛДАР, АҚШАҢҚАЙ ҮЙЛЕР, ҒИМАРАТТАР, ТАС ТҮЙІН ЖОЛДАР, ЖАРҚЫРАҒАН ШАМДАР СӨРСЕНҒАЛИДЫҢ КӨЗІНДЕЙ ЖАЙНАП, НҰРЫН ШАШЫП, АУЫЛҒА НӨР БЕРІП ТҮР. АДАМ ӨМІРДЕН ӨТКЕНІМЕН ОНЫҢ ОРНЫ, ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ, ТАУ ТҰЛҒАСЫ ҚАЛАДЫ, АЙНАЛАСЫ АЛАСАРТПАЙДЫ. ТАУ АЛЫСТАҒАН САЙЫН БИІК БОЛЫП КӨРІНЕДІ.



«Жекенді» кеңшарының негізін қалаған Сәрсенғали Балапашевтың өмірден өткеніне де 30 жыл толыпты. Ауылдастары еске алып, ас берді.

Адамзат Табиғат-Анадан нәр алады. Туған жер, кіндік қаны тамған орта, шыққан тегі, өскен ортасы әр адамға нәр, күш беріп қана қоймай, өзіне тартады, ұқсатады.Сәрсенғали Қарасуда дүниеге келді, осы ауылда өсті, білім алды, еңбек жолы туған жерінен бастау алды. Бұл шағын ауылдан ақ тарының атасы, дүниежүзілік рекорд иесі Шығанақ Құдайберсеұлы, медицина ғылымдарының докторы, академик Ишанбай Қарақұлов шыққан.

Сәрсенғали Қарасудағы мектепте оқыды. Ауыл ақсақалы Аманкелді Қожин: *«Сәрсенғалимен бірге оқыдық. Кішкентайынан алғыр, ұйымдастырғыш, пысық болды. Сабақты жақсы оқыды. Түрлі ойындарды ойлап табады, әңгімешіл,*

кітаптарды көп оқыды. Біздерге өлең оқиды, ертегілер, жыр айтатын, - деп еске алды.

Сәрсенғали фермадағы комсомол ұйымының жетекшісі болды. Ауыл жастарын ұйымдастырып, домбыра оркестрін құрды. Ауыл клубында шағын пьесалар қойды. Аудандық фестивальдардан үнемі алғашқы орын иемденді. Кезіндегі жас таланттар Қайрақбай Молшин, Жолдыбай Айтқұлов, Аманғали Нұрғазин, Айман Қауметова тағы да басқа біраз ауыл жастары Сәрсенғалидың қолдауымен үлкен өнерге қадам басты. Бір сөзбен айтқанда, біраз «бұлақтың көзін ашты».

Фермада зоотехник болып, малды асылдандыру пунктінің меңгерушісі бола жүріп, «Құрманға» ферма меңгерушілігіне жоғарылатылды. Ойыл өңірінде 25 жыл басқарма болған нағашысы Шаңғала Өтегенұлы мен кеңшар директоры Қиякбай Жарықовтан

алған үлгі өнегесі Сәрсенғалиді биіктерге бастады.

Сәрсенғали біздің жиеніміз. Сәрсенғалидың анасы Науқан Қодасбайқызы. Нәби әжеміз Сәрсенғалиды аялап өсірді. Жарқын жүзді, қолы ашық, ақкөңіл қамқор Ана болды. Немерелерінің сүйікті әжесі еді. Отанасы, Сәрсенғалидың жары Толыш өте бір жақсы адам болды. 12 құрсақ көтерген, батыр Ана. Сәрсенғалидың жары ғана емес, бапкері, қамқоры, үйелмен ұйытқысы бола білді. Ақжарқын, бетінен нұры тамған, ақжүрек, бауыр мал жан еді. Балалары шетінеп, тұрмай, көп қиындықтарды бастан кешті. Тұңғыштары Арманның кіндік шешесі менің Алам, ырымдап кестірген, соңынан балалары ерді ғой.

Сәрсенғали Балапашев «Жекенді» кеңшарына директор болған жылдары жаңа типті ақшаңқай үйлер салынды, бұрынғы ескі үйлер сүрілді. Мәдениет үйі,қонақ үй, пар-

ктер салынды. Жаңа типтегі мектеп тұрғызылды. Тек осы мектепте жылыжай салынды. Ауылдың кіре берісіне ағаштар отырғызылды. Қазір ну орманға айналды. Көтерме жол салынды. Ауылдың абаттануы мен өркендеуіне Сәрсенғали қосқан еңбекті тауыса алмасын. Енді өзім естіген, көрген Сәрсенғалидың кейбір кісілік келбетін сөз етейін.

Бірде кешкісін Сәрсенғали Толыш екеуі қонаққа бара жатса, бір азамат бөрене көтеріп бара жатады. Өлгі жігіт үйіне жетіп, *«Әх, болды-ау!»* - десе, Сәрсенғали: *«Болған жоқ. Кейін орнына апар!»* - деп бұрылып жүре беріпті. Ертеңгісін кеңсеге шақырып: *«Қанша бөрене керек»*-десе ,ана байғұс екеу депті.Сәрсенғали: *«Ақшанды кассаға төлеп, төртеу ал!»* - депті. Ана жігіт үй салып жатса керек.

Енді бірде ауылдың еріккен қарттары кеңсенің алдына жиналып, әңгіме дүкен құрмай ма? Сәрсенғали бәрін кеңсесіне шақырып алыпты. Түс болады, Сәрсенғали өз жұмысымен отыра береді. Содан бір пысығы: *«Сәрсенғали, неге шақырдың?»* - десе, Сәрсенғали *«Өңгімені көлеңкеде тыңдандар!»*-деп ақсақалдарды мақтамен дауыздапты.

Сәрсенғали директор болған жылдары бірде-бір адамды соттаппапты, тіпті айып та төлетпепті, өзі ұрыспай, жекімей тәрбиелепті. Өділдігі мен талапшылдығы қанмен келген қасиеті еді.

Сәрсенғали тынымсыз, өзін аямай, жан-тәнімен адал қызмет етті. Аз ұйықтады, көппен бірге жүрді, қарапайымдылықтан таймады. Үздіксіз темекі шекті. Бірде дірігер: *«Сәрсекке темекі тастау керек»* - дегенде бір күнде қойып кеткен. Қандай мықты жігер, бірбеткейлік.

90- жылдары Жекендіге екі күндік ыссапармен бардым. Жақсы қарсы алды. Кешкісін үй алдында үш түп жиде ағашты көрдім де: *«Сәрс-*

ке, ауылды сағынады екен-сің-ау!» - дедім. Жиде ағаш біздің Қарасудың брөнді. Жиде талдың иісі бөлек, мұрынды жарады, көкірегіңді ашады. Әр жидесі бармақтай, бал татиды. Қоңыр жейдені жеген де арманда, жемеген де арманда! Оны қарасулықтар ғана сезіне алады. Содан келесі күні екі-үш үйде қонақта болдық. Сәрсенғали екі күннен соң: *«Саламат, неге ауылды сағынасың екен дедің?»*, - деп тұр ғой. Қандай шыдамдылық, қандай сабырлық десенізші! *«Жиде ағаш ше?»*-дегенім де, сонда жәй ғана жымыып қойды. Қарасудың қара нары болды. Біз Сәрсенғалидай жиенімізбен мақтанамыз.

Ерте заманда Сырлыбек деген кісінің ауылына кешқұрым қонақ келіп түседі. Ол ит-құстың тілін біледі екен. Дастархан басында отырғанда сырттан ұлыған қасқырдың дауысын естиді. Оған ит үріп жауап беріпті. Қасқыр: *- Әй, итекеш інім. Әлімсақтан екеуіміз туыс едік, бір несібемді үйден жаратқанын білесің. Бүгін көзім осы ауылға түсіп тұр. Маған бір қой бер,* - дейді.

Ит: *- Қасеке, менің тоқтығым осы қолардың амаңдығы емес пе?Қойды алдыртсам, қожайынның алдында ұятты болмаймын ба?*-деп көнбейді. Қасқыр: *- Ендеше қонағыңның атын бер,* - дейді.

- Қазір босағадан сығалайын. Қонақ маған берсе, атты бере алмаймын. Егер сараң болса ала бер», -дейді. Қонақ мұның бәрін естіп отырады. Бір уақытта ет тартылады- ау дегенде, ит босағаны сығалайды. Қонақ қолындағы жамбасты итке лақтырып жібереді. Тамақ желініп болған соң бәрі ұйқыға кетеді. Түнде қасқыр шауып, қорадағы қойлар бұзып шығыпты. Үй иесі қонаққа: *- «Қонақ жақсы болса, қой егіз табады, қонақ жаман болса, қасқыр шабады»* деген.

Пиғылық лас адам екенсің» - деп ренжиді.

Қонақ қонақжайға: *«Қам жеме, қойың аман, шығыста жайылып жүр. Ал итің қасқырмен жан алысып, жан берісіп жатыр. Батысқа кеткен із соны меңзейді».* Итіңнің артынан барма! Ол ием келді деп саған алаңдап, қасқырға алдыруы мүмкін. Қасқырдың артынан барсақ, ол қорыққаннан артына қарайды. Итің бас салып талайды, - дейді. Айтқандай, ит пен қасқыр бір-бірін ала алмай, көзбен арбасып тұр екен. Қасқыр арт жағынан келе жатқан адамды иісінен танып, жалт қарағанда, ит тамағынан шалт береді. Қасқыр мерт болады.

Сырлыбек қойларына барса, қойлары түгел жайылып жүреді. Бір қойы егіз қоздап, қозысын емізіп тұр екен. Қонаққа риза болған Сырлыбек: *- Не бұйымтайыңыз бар?*-десе, *- Итке қатты қызығып едім, осы итіңізді беріңіз* - дейді қонақ. Итті жетектеп бара жатса, ит бір бұтаға сарыпты, сол сәтте бір қоңыр марка шауып келіп, бұтаны жеп қойыпты.

Қонақ: *«Сырлықе, маған қозыны сойып беріңіз! Итіңіз өзіңізде қалсын»* -депті. Содан қозының еті пісіп қонаққа бас тартылады. Қазан басында жүрген Сырлыбектің екі немересі қозының бөтекесін жеп қояды. Сонда қонақ: *- Шаңырақтарыңа тепкілесе де кетпейтін бақ орнапты,* - дейді де, естіп-білген оқиғасын бастан аяқ айтып береді.

- Сенің ырысың итің де екенін білгенмін. Алып кетейін дегенімде, итің айла жасап, дәрет сындырып қалдырып кетті, оны марка жеп, ырыс бөтекесіне барды, бөтекені балаларың жеді. Енді бағың балаларыңа қонды»,- депті...

«Өке көрген - оқ жанар» демекші, Сәрсенғалидың балалары да әке атына кір келтірмей өсті...

Саламат ШАҢҒАЛА, Еңбек ардагері.

ҰЯЛТНАС ІС ҚЫЛДЫ...

Еліне қалтқысыз қызмет еткен мемлекетшіл тұлғалардың дара жолы - қазіргі және болашақ саяси мемлекеттік қызметшілер бой түзейтін тағылым болары айқын. Сондай тұлғалы азаматтардың бірі ретінде Ақтөбе және Ойыл өңірінің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси салаларында басшылық қызметтерде іскерлігімен, парасаттылығымен ерекше із қалдырған, жұртшылықтың ықыласына бөленген Сәрсенғали Балапашовты атар едім...

Сәрсенғали Зәкірұлы 1941 жылы 20 қарашада Ақтөбе облысы Ойыл ауданы АщыОйыл ауылдық кеңесіне қарасты Қарасу елді мекенінде дүниеге келді.

Әкесі Зәкір 1941 жылы Ұлы Отан соғысына шақырылып, содан оралмады. Сәрсенғали шешесі Нәбидің тәрбиесінде заманына қарай еріксіз ерте есейген адам. Сондықтан да оның өмірінде жастық шақтың қамсыз еркерлік жылдары болмады.

Соғыс және одан кейінгі таршылық замандағы өмірдің қиындығы, ерте араласқан еңбектің ащы дәмі мен шыңдалуы оның үлкен жүректі қарапайым, абзал жан болып қалыптасуына әсер еткені даусыз.

1962 жылы Темір ауыл шаруашылық техникумын ветертехник мамандығы бойынша бітіріп, өзінің туған жері Шығанақ Берсеев атындағы совхоздың № 3 фермасына ветертехник болып жұмысқа орналасады. Жас маманның жігерлігін ескеріп, оған ақысыз,

ЖАЙСАҢ АЗАМАТ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

ферма комсомол жастарының хатшылығын қоса тапсырды. Өзінің міндетті қызметіне қоса малшылардың әл-ауқатын жақсартумен қатар, оларға мәдени іс шаралар - мерекелік концерттер, әртүрлі спорт сайыстарын өткізуді жүйелі түрде ұйымдастырып отырды.

Осы еңбегі арқасында 1966-жылы Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет Грамотасымен марапатталды.

1967 жылы Мал шаруашылығына мал дәрігерлік жұмысын жақсартқаны үшін Қазақстан Коммунистік партиясы Ақтөбе облыстық комитетінің Құрмет Грамотасы тапсырылды.

Ауыл шаруашылық жұмыстарын шебер ұйымдастырушы, қажетті жерінде көсемдік жасай білетін, ақылдаса - кеңесе іс тындыратын Сәрсенғалиды 1968 жылы Құрманов атындағы совхоздың ферма меңгерушісі қызметіне бекіттеді. Ол бұл қызметті 1979 жылға дейін абыроймен атқарады. Ферма тұрғындары мен малшылардың және механизаторлардың тұрмыстық жағдайларын жақсартуға көңіл бөледі. Мал басын көбейту бойынша оқ нәтижелерге қол жеткізеді, қой малынан төл алу көрсеткіші республикада жоғары болды. Сәрсенғалидың басшылығымен ферма жұмысшыларының еңбектегі жетістіктері жоғары бағаланып, Сәрсенғали Балапашовқа 1974 және 1975 жылдары қатарынан екі рет Социалистік жарыс жеңімпазы медалы та-

бысталады. Ол өзінің білімін жетілдірумен де айналысып, жұмыстан қол үзбей Орал ауыл шаруашылығы институтының мал дәрігерлік бөлімін тәмамдап жоғары дәрежелі білім алады. Ойыл аудандық партия және аудандық атқару комитеттері Сәрсенғали Балапашовтың өз ісін жақсы білетін және ұйымдастыру қабілеті жоғары маман екенін бағалап, оны 1979 жылы Жекенді совхозының директоры қызметіне тағайындайды. Ол өзіне тапсырылған қызметке бар ынта-жігерімен кіріседі, мал шаруашылығын өркендетуде совхоздың материалдық-техникалық базасын, жем-шөптің берік қорын жасау, халықтың мәдени-тұрмыстық жағдайын көтеруге мән береді.

Совхоз орталығы Сарбие елді мекенін бірінші кезекте құл-қоқыстардан тазартуға күш салады. Бейберекетсіз салынған үйлерді бұздырып, көше тәртібі бар құрылыстар салуды назарға алады. Сәрсенғали өте бір салмақты, жей сөйлейтін, әрбір әңгімесін терең мағыналы қысқа да түсінікті түйіндеп, кеңшарда жасалуға тиісті барлық күрделі шаруаларды мұқият ойланып, бас мамандар және селолық атқару комитеті мен жұмысшылар комитеті мүшелерімен ақылдасып шешуші еді-дейді онымен жұмыстас болғандар. Елде, ғылымда қандай жаңалықтар болып жатыр, оларды шаруашылыққа енгізгенде қандай пайда табуға болады деп, соған сәйкес шешім қа-

былдайтын.

Совхоз шаруашылықтарында ғылым мен тәжірибе жетістіктері кеңінен енгізілді. Әсіресе, мал азығын дайындау жұмысын механикаландыру, яғни шөпті шауып, таллап, механизм күшімен көлікке тиеу, баз басына түсіру, кебегне үюде трапация формасын сақтау, жалпы барлық жұмыстар толық механикаландырылды.

Мал шаруашылығында да біраз игі жұмыстар жасалынды, аналық малдарды асыл тұқымды аталықтардың ұрығымен қолдан ұрықтандыру жұмыстары кеңінен жүргізілді. Саулықтарды қыста, не ерте көктемде қоздату, сол арқылы етке көптеп қозы тапсыру кең өріс алды.

Тапсырылған қозылардың орта салмағы 38-40 килограмма дейін жетуші еді. Осы еңбектегі ұйымдастырушылық қабілеттері ескеріліп "Еңбектегі ерлігі үшін" және В.И.Лениннің туғанына 100 жылдығына арналған медальдармен марапатталды.

Ойыл энциклопедия кітабы Ойыл тарихында бірінші рет жарық көрген, нақты деректерге негізделініп жазылған. Онда Жекенді кеңшары туралы мына мәліметтерді келтіреді. «1980 жылы кеңшарда 12 000 га егістігі, 33 000 бас қой, 1200 бас мүйізді қара, 600 бас жылқы бағып өсірілді деп көрсетілген. Өкінішке орай бұл энциклопедияда Балапашов Сәрсенғали туралы еш мәлімет жоқ яғни ұмыт қалған, алдағы уақытта бұл кемшілік

ескеріледі деп ойлаймыз.

Жекенді совхозы 1984 жылы күрделі құрылысқа қаралған қаражатты тиімді, әрі толық игіріп, жылма-жыл тұрғын үй, мал баздарын, балалар бақшасын, сауда, медицина, тұрмыстық қамту объектілерін салу және уақытында тапсыру негізінде Социалистік жарыс қорытындысы бойынша КПСС орталық комитетінің, СССР министрлер советінің, ВЦСПС және ВЛКСМ орталық комитетінің "Құрмет грамотасымен" марапатталады. Бұл совхоз жұмысшыларының сол кездегі еңбегінің бағалануы еді. Ал,Сәрсенғалиға - "Құрмет белгісі" ордені табысталды. Өзінің совхоз директоры қызметінде жүргенде әртүрлі шаруалармен алдына келген кеңшар тұрғындарының өтініш-арыздарын тек оң жағынан шешетін және жылы қабылдап, ақыл-кеңесін айта-тын.

Осындай абзал азамат 1995 жылы 54 жасында жұмыс орынында кенеттен өмірден озды. Ауырып жүрсе де, емделуге көңіл бөлмеді. Ойы - тоқсаныншы жылдардағы қиыншылықтарды жеңіп, жағдайдың жақсаруын көру еді, оны Алла нәсіп етпеді.

Сәрсенғали мен жеңгеміз Толыштың отбасында көмелеттік жасқа жеткен 4 ұл, 1 қыз бала тәрбиеленді.Үлкені Арманды үйлендіріп құдандалы болды, келіні Жұмагүл мұғалім. Дүниеге немересі келгенде төбелері көкке жеткендей болды. Арман мен екінші ұлы Тұрлан-

ның ғұмырлары қысқа болғанымен,артында балалары өсіп жетілуде.

Қызы Мейрам Ақтөбе қаласында жолдасы Айса екеуі балалы шағалы, немере сүйіп отырған жандар. Жекен деген баласы Ақтөбе қаласында мұғалім, келіншегі Шолпан БСМП-да қызмет етеді, кенже бала Бекен Ақтөбе өңірлік университеті жанындағы үш жылдық доктрантурасының соңғы жылында философия бөлімінің тыңдаушысы. Келін Әйгерім Ақтөбе медициналық академиясында, оқытушы докторлық диссертациясын қорғауға дайындалуда.

Сәрсенғали дүние жинауға қызықпады, қолында тұрған мүмкіндіктерді пайдаланып мемлекет мүліктеріне қол салмады, сондықтан балалары өз беттерінше тірлік жасады. Сәрсенғали қай жағынан алғанда ол ұялмас күн кешіп, ұялтпас іс тыңдырған азаматтардың бірі ғана емес, бірегейі.

Өз еңбегінің ертеңгі өрісін іздеп, ілгері ұмтылумен күн кешкендей өзінде бармен көзге ұрып, өзгеден артылам демейтін Сәкеннің бар бақыты да, бар байлығы да өзіне сеніп тапсырылған жұмыстың өркендеуін көру болды. Қорыта айтқанда, Сәкен есімі елге елеулі, жаны жайсаң, халқына адал, нәтижелі еңбек етуі кейінгі жастарға үлгі боларлық нағыз азаматтық ғұмыр. Осындай азаматтар жұртының жүрегінде мәңгі жасай бермек.

Мұханбетқали ЕШМҰХАН, Сәрсенғалидың інісі, Ақтөбе қаласы.

АЙ ЖЕРДІ ЖЕТЕЛЕП ЖҮРЕДІ

(жыяят)

Әкемді – өзінің туған ағасын көкала қойдай қылып аямай сабайтын. Үнемі түнде мас боп келіп сабайды. Сондағы сылтауы: «Шабан, сен – байсың, мен – кедеймін. Сен неге байлығыңмен бөліспейсің? Неге маған бермейсің?» дегенге саятын іштегі қызғанышының қоясын ақтарған құсық сөздер еді. Әкем інісінің тізесінде езіліп жатып: «Көшкен-ай, немді аядым сенен, немді аядым?.. Құлың болайын, немді аядым, айтшы?» дей беретін.

Кейін білдім, келбеті көркем, қайратты, қарулы Көшкінбай әйел заты мен шаруаға қырыз болып өсіпті. Інісі не бір жөндемді істің басын шалмай, не қатын алмай шардақ жүріске салынғанына уайым қылатын әкем: «Соңымнан ерген жалғыз қарам», – деп намысқа шауып, інісін аяқтан-дырыпты. Көшкінбайды бөлек отау етіп алдына мал салып берген де менің сормандай әкем екен.

Аузына арақ тисе болды, соның бәрін аққұла ұмытатын Көшкінбай әкемнің жағасынан бүріп бүктегенде, төбесіне түйген айдары жалбырап, көздері қанталап кетуші еді. Өлексенің басына қонған құдды құзғын сияқты...

«Көке, тиіспейсі әкеме, көке, ұрмашы оны!» – деп шырылдаған маған ол қан жапқан көздерін қадап тұрып: «Әй, шірік неме, жоғал!» дейтін. Сонда: «Көшкентай, тізенді баланың көзінше батырмашы», – деп інісіне әлі жетпеген әкем ыр-жалақтап күлген болатын.

Күле ме, кемсеңдеп жылай ма – қазір анық есімде жоқ, әйтеуір ертеңінде көтеріп ісінген бет-аузын көлегейлеп, дастархан басында төменшектеп отыратын. Төменшектеп отырған қалпы кеше түнде ағасымен әншейін асыр салып ойнаған адамша ыржалақтап, көк тракторын жұлқындыра оталдырып жолға түскен інісін жамандыққа қимай, «аузы арам жұрттың сөзіне еріп есалаң боп жүрген баласың ғой, аман бол, қайтейін» дейтін күрсініп.

Қара дауыл ұрсын, айқай боран соқсын мен бауырында өскен апайтөс Аршалы тауы бәріне қасқайып тұрып төзетін. Ол маған кең дүниеде тарындай өмір сүретін кешірімшіл жандай көрінеуші еді сонда. Менің әкем сияқты...

Әкем, әкемнің жүзін топырақ жапқан 6-7 жылдан соң келместің керуеніне анам көшін қосқаннан кейін мүкәммал мүлкімізді көкем Көшкінбай иеленіп, мен өзім туып өскен шаңырақтың өгей баласындай боп қалдым.

Көшкін көкемнің мінезі түзде ғана екен. Үйде ол құнұзқада таранып-сыланып қана отыратын сұғлу жеңгемнің жетегіндегі жуас тайлақ дерсің. Тракторын қаңтарып тастап босағадан емпеңдей аттағаннан-ақ тыным таппайды.

Жұмыс киімін сыпырып тастай сала қолына сыпыртқы алады. Үй сыпырады, еден жуады. Күл-қоқыс төгеді. Омырауына алшалғышты шалып жіберіп қара сиырдың бауырына барып тығылады да, меймілдетіп бір шелек сүт сауып өкеледі.

Кейде кір жуып, кірден қолы босаса, қазан-ошақтың басынан табыла қояды. Осы істегендерінің бәрін және маған істетеді. «Еркектің кәсібі, қатынның тірлігі дейтін емес, қолыңа жұмыс жұғып қалмайды, істе», – дейтін

бұйырып. Күндіз-кешке жеңгеме ісімен жағатын ағам түнде несімен жақпай қалатынын білмеймін, «Ақсәуле, қасыңа жатқызшы-ей, қасыңа жатайыншы» деп күңкілдеп шығатын ол жеңгем ішінен тарс бекітіп алған бөлменің есігін тырналап.

Жылдар өте Көшкінбайдың көшедегі десі де қайта бастады. Күндердің бір күнінде ол күбіжіктеп, күңкілдеп үйден алыс ұзамай ұсақ-түйек шаруа баққан шалдың кейіпіне көшіп, Ақсәуле жеңгем қайқайып қалаға кетіп, сауда-саттық жасайтын болды. Сауданың аты – сауда емес пе, Ақсәуле қара базардың саудасын сапырып ауылға оралған сайын балаларының иығы бүтінделіп, үй ішіндегі заттар: құрулы жиһаз, алаша-кілем жаңа үлгіде жаңара түсті. Даңқы асқан шетелдік бренд-бұйымдар баса көктеп кіріп, шешемнің қолынан шыққан текеметтер мен ою-өрнегі тегілген түскіміздерді де ысыра бастаған. Сондайда Көшкінбай ағам ұқсап мен танау астынан міңгірлеп сөйлейтінім:

– Жеңеше, шешемнен қалған көз-мұра ғой, осы текемет, түскііздерге тимей-ақ қойсаңыз қайтеді? Мұндай міңгір сұраққа жеңгемнің жауабы дайын:

– Сасып-шіріген, жіп-шуы салатқан ұсқынсыз дүние кімге керек? Қимай қиналып бара жатсаң қатын алғаныңда оранып жат! Жеңгеммен арада осындай ілік-шатыс сөздерімді естіп жүретін Көшкінбай бір күні: «Ерболсын, мектепті төмамдадың Ендігі салақтап бос жүргенің жарамас. Өзіңдей өндір жастар Алматыға аттанып жұмыс істеуде. Сен де сөйт. Жеңгең екеуіміздің асырап-баққан еңбегімізді ақта», – деп мен баяғыда бір көрген нағашымының мекен-жайын қолыма ұстатып Алматыға аттандырған.

... Ал, мен қайтып келіп автобекетте отырмын.

Қағазда анықтап жазылған мекен-жайдың ізімен нағашымының үйіне баруым бардым ғой, бірақ, қоналқаға жатып шығуға шыдамадым. Нағашымның пәтеріндегі кең жарық бөлмелердің қабырғасын жапқан қымбат, сәнді жиһаздар, аяқ астында сықырлаған паркет еден – мен кіріп келгенде-ақ, тұмсық шүйіре қарсы алған. Кетер кеткенімше әлгі пәлелердің алқымымнан алып, тынысымды тарылтып берекемді қашырғаны. Анығы самсаған салтанатты дүние біздей жарғағын сүйретіп келген жаңға салқын қарайды екен де, сен өзіңнен өзің қысылып, кетуге асығады екенсің.

Нағашым бұрын сыпалау жігіт еді. Қазір жақ сүйегіне жалбыраған ет бітіпті. Айналасына ісік жүгіргендей домбыққан балық көзінің үстіне бадырайған көзілдірік бастырыпты. Ол менің қалаға келген сапарымның мәнісінен ой сарыққан-дай сынай танытып, көзәйнегінің ішінен суық қарап отыр. Өмір көрген, мансап баспалдағымен көтеріліп, дәмелі биігіне жетіп марқадам тапқан адам өзгелерге тап осылай қарап отыртын болса керек. – Мектепте оқуды мандытып оқымапсың. Алдыңа қойған нақты мақсатың да жоқ. Енді не істейсің? Естүімше, ауылдың қара сирақтары түгел қара базарда. Сен де сонда бар, –

деді нағашым. Оның бұл сөзі қарадай қысылып, аяқасты қорғаншақ күйге түскен маған: «Ал, інім, жорытқанда жолың болсын!» дегендей естіліп, қуанып кеттім.

– Рахмет, аға! Сіздерді көргеніме ризамын. Әке-шешем сіздерге сәлем айтып.., ой, иә, Алматыдан ауылға соғып қайтатындардан сәлем айтып отырушы еді, өзім келіп сәлем бердім, міне!

Баяғыда Баянжүректің баурайындағы жайлауда көргенім үрпек бас сары бала еді, Русик үлкен жігіт болған шығар, ә? Ал, жеңгем еш өзгермепті. Жайлау – жанның рахаты. Тағы да келсеңіздерші.

Жарайды, сау тұрғыңдар, нағашы, мен кеттім. Айтпақшы, осы Алматыда ақын-жазушылардың бір үлкен үйі бар дейді ғой, сол қай маңда, адресін білмейсіз бе? – Оны не қылайын деп едің? – Қызық қой, мен үшін қызық. Ақын-жазушылар қалай киінеді, қалай жүріп-тұрады? Сырттай болса да тамашаласам деп едім.

– Е-е, олардың тамашалайтын не сәні бар ғой дейсің? Араққа бөгіп алып отырған шығар кафе-барларында... Адам боламын десең ақын-жазушыға жолама, ұқтың ба? Жаңа елетте, аман-сәлемімді жасап мен кіріп келгенде, көріліп қарсы алған нағашымның әйелі біздің әңгімемізге құлақ түре тердегі қақпалы айнаның алдына келіп жайғасқан-ды.

Сол қақпалы айнадағы көркем жүзіне сұйсіне көзін төңкеріп, үйіле қалған ол қас-қабағын қимылдатып, нағашыммен ымдасып отырғандай сезілді маған.

Нағашым менің мектеп қабырғасында оқып жарытпағаныма кейігенде аршаның күлтесіндей кірпіктері жыпылық қағып, «ауылдың қара сирақтары түгел қара базарда. Сен де сонда бар» дегенде жалп-жалп ете түсті. Ақын-дар жаылғанда айтып қалғанымызда жеңгемнің қарашығы қалың кіріпкітерінің арасына батып кетті. Онысы менің оларда шаруам жоқ дегенді білдірсе керек.

Орнымнан қонаң етіп көтеріліп:

– Мен кеттім, – дедім әлде бір кезектен тыс қалып бара жатқан жұмысыма асыққандай. Сол сәтте жеңгемнің айнадағы көзі дәлізді бойлап, кіре беріске кідіріп қайтқанын аңғардым.

– Сен, бала, ауылдан келдің, – деді нағашым ыңыранып. – Ауылдың сарқыты деген болмай ма? Мен де ауылда туып, қырда өскен баламын ғой. Кейде қарадан қарап отырып, о, тоба, ермен-жусанның иісі сіңген сүрі етті аңсаймын. Шабаданыңда ет бар шығар нағашыңа ала келген?

– О, бар! – дедім мен ауылдан алтын арқалап келгендей аптығып. – Бар болғанда қандай?! Ісек қойдың жамбасы мен қабырғасы. Мейіздей қаты сүрленген. Арнайы сіздерге алып келдім. Алыңыздар, былқытып асып жеңіздер! Ұсақ меңдері ептеп жайыла бастаған жеңгемнің жүзі жылып сала берді. Мен бұл сүрі етті Сәмет ақсақалдың қоңыр чемоданыма қояр да қоймай салып берген сыбағасы дей алмадым.

4 Адам аяғы басылар емес. Автобекеттің аттылы кісі еңкеймей кіретін есігі ашылып-жа-

былудан жалықпайтын көрінеді: сапырылысқан жұрт, біреу кіріп, біреу шығуда. Қарасы қалың жолаушы. Қайда бара жатыр, қайдан келе жатыр?

Осы адамдар ары-бері ағыл-маса, жүрмесе, уақыт тоқтап қала ма, қайтеді, тегі?..

Бүйіріне «Алматы – Шымкент» деп жазылған автобұсақарай, әне, бір қауым ел лап қойды. Тағы бір нөпір жұрт сонау Өскеменнен өліп-талып жеткен автобустан ақтарыла түсіп, автобекеттегі халықпен араласып кетті. Кенет, мен айналамдағы жұртқа қызыға қарадым. Өйткені олар бақытты жандар еді. Олардың баратын жері, басатын тауы бар. Оларды біреулер жолға шығарып салады, біреулер күтіп алады. «Қалай, ат-көлігің аман-есен жеттің бе?

Шаршаған жоқсың ба?» – дейді қарсы алушы қауғалақтап. «Жоқ-а, о не дегенің? Орындықтың арқалығын шалқайта түсіріп, шалқалай жатып, ұйықтап, демалып келдім», – деп жадырай жауап береді мейман. Жолаушы мәртебелі адам болса, о, онда күтуші жақтың типипаты мен қызметін әңгімелеп беруге менің тілім де, қиялым да жетпес.

Ағайын-туысына, туған үйіне асыққан жолаушылардан бөлек қаладан қалаға кәсіп іздеп табанынан таусылып жүргендер де бар шығар. Олар да үмітті жандар. Барған жерінде олардың да алдынан біреу шығады. «Мына күректі қолыңа ұста да жер қаз» дейді. «Қоймадан жүк тасы» дейді. «Вагоннан көмір түсір» деуі де мүмкін.

Күнкөріс үшін күреске білек түре кірскен мен құралпы жастардың жалғыз жортары аз, олар көбіне топ болып, кем дегенде жұп болып жүреді. Мен болсам автобекттегі жолаушылар тасқынына көміліп жабырқап жалғыз отырмын. Бастауын Тәңіртаудың мұз сауытты шатқалдарынан алып тас-талқан боп құлайтын Тастыбүйеннің жазаңға жайылған арнасынан бөлініп жіңішке бұлақ ағады. Бұлақтың балдай ұйыған жаныл иірімді жағалауына көкке ұмсынып шоқ тірек біткен. Сонадайдан үйіріліп көзге тым әсем көрінетін сол шоқ теректің саясынан дәмектендей бір күні бала қарағаш бой салған. Ай аунап, жылдар жылжыды.

Мен әке-шешемнің ортасында еркебұлан күндер кешіп ер жеттім. Ал, қарағаш тырбиып не тамыр жаймады, не бұтақтары салаланып жапырақ жаймады. Қыста қатты аяздан қалтырап, жазда жар-ты қалта суға қаталап әлгі қарағаш тербелген теректердің салтанатына қарап қанситын да тұратын.

Төкаппар теректер қауқиған қарағашты қатарына қоспайды.

Әлдебір уақытта қоңыр шапанының бөлін буған тақиялы қария көзіме жылғыұйрай кеткені. Ол да мені бағанадан көзімен бағып отырған ба – алыстан басын изеп, жылы жымиып, «Бері, мұнда кел» дегендей ишара білдірді. Жайлап басып жанына жақындадам.

– Ассалаумағалайкүм, ақсақал!

– Сәлеметте бол, інім! Үлкен кісінің немересіндей ұлға «інім» дегені құлағыма тосындау естілсе де, жөн сұрадым.

(Басы өткен сандарда. Жалғасы көлесі сандар)

ЖЕКЕ ПРАКТИКАМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Электрондық үкімет порталы – eGov.kz сайтында «Жеке практикамен айналысатын тұлғаны тіркеу есебі» мемлекеттік қызметі қолжетімді. Бұл қызмет қазақстандықтарға жеке сот орындаушысы, нотариус, адвокат немесе медиация саласында қызмет көрсететін маман ретінде тіркеуге өтінімді онлайн түрде жолдауға мүмкіндік береді. Жеке практикамен айналысатын тұлғаларды тіркеу салықтық әкімшілендіру мақсатында жүзеге асырылады және лицензия немесе куәлік негізінде кәсіби қызмет атқаратын жеке тұлғаларды қамтиды. Қызмет шеңберінде тіркеуге қою, тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу, сондай-ақ тіркеуден шығару жүзеге асырылады. Ақпарат www.kgd.gov.kz сайтында жарияланады.

Қызметті пайдалану үшін:

*eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Бизнеске» – «Бизнес тіркеу және дамыту» – «Бизнесі тіркеу және жою» бөлімдеріне өту қажет;
*«ТЖК, нотариустарды, адвокаттарды, медиаторларды тіркеу» қызметін таңдап, «Онлайн қызметке тапсырыс беру» батырмасын басу қажет;
*өтініш беру себебін және тіркеу түрін көрсету керек;
*адвокаттық, нотариалдық немесе атқарушылық құжаттарды орындау қызметіне берілген лицензияның нөмірі мен берілген күнін көрсету керек;
*жылжымайтын мүлік түрін және қажетті деректерді енгізу

БАҚЫЛАУСЫЗ БАЛА - БӘУІНЕТКЕ ҚАЛДЫРМАСЫН!

Қазіргі уақытта өмірге қауіп төндіретін жағдайларға тап болу өте жиі кездеседі. Балаларды далаға ойнауға, қонаққа жібергенде немесе үйде өздерін қалдырғанда олармен еш жамандық болмайды және олардың өміріне ешқандай қауіп жоқ деп үміттенеміз. Өкінішше орай, статистика балалардың бақылаусыз қалуынан болатын өрттер, балалар өлімі орын алып жатқан өрттер жиі болып жатқанын көрсетуде. Балаларға өрт қауіпсіздігі жайында не білу қажет? Қай жастан бастап балаларды өрт кезінде емес, жану жағдайы кезінде өзін ұстау ережелеріне үйрету керек? Осындай сұрақтардың жауабы бір: балалық шақтан бастап балаларды өрт қауіпсіздігі ережелеріне үйрету керек. Мұндай ережелерді балаларға өз іс-әрекеттерін түсіне бастаған шақта үйреткен дұрыс.

Балаңызбен ашық әңгімелесу үшін бірнеше минут бөліңіз. Балалармен өрт қауіпсіздігі туралы әңгімелесуді ерте жастан бастау керек. Балаға өрт «грамматикасының» негіздерін түсіндіру үшін 3-4 жас оңтайлы деп есептеледі.

Бастысы балаға ашық от өте қауіпті екенін, от жарақаттайтынын, ауыртатынын, тіпті адам өліміне әкел соқтыру мүмкін екенін түсіндіру қажет. Бала жану және өрт жағдайлары болмау үшін өзін қалай ұстау керектігін немесе жану кезінде не істеу, істемеу керектігін білуі тиіс. Өрт шыққан кезде қалай абыржып қалмау керектігін балаларға үйрету біздің міндетіміз. Көбіне балалар өрт шыққан жағдайларда үрей-

ОЙЫЛ АУДАНЫҒЫН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылдық округіне қарасты Төлебаев көшесі № 2 ғимараты иесіз мүлік ретінде есепке алынғандығын хабарлаймыз.

“ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ” ММ

Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы аудандық мәдениет саласының ардагері Жұмажанова Жұмажайға, Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапханасының директоры Дәуленова Гүлжазираға, Ойыл аудандық мәдениет үйінің бас есепшісі Қоштаева Жайнагүлге **Немересі, сіңілісі, қайын сіңілісі Нарғыздың** мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

қажет;

*қызметті қолжетімді қол қою әдістерінің бірімен растау қажет;

*жеке кабинеттегі «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінен өтінімнің өңделуі туралы хабарламамен танысу қажет – хабарлама көрсетілген мерзім ішінде келеді. Қызмет көрсету мерзімі – eGov.kz порталы арқылы салықтық өтініш берілген сәттен бастап 1 жұмыс күні. Ақпараттағы өзгерістер, соның ішінде мекенжай өзгерісі де, 1 жұмыс күні ішінде өңделеді. Тіркеуден алынған жағдайда ақпарат Мемлекеттік кірістер комитетінің интернет-ресурсында келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей жарияланады. Қызмет көрсету нәтижесі – тіркеуге қою, тіркеуден шығару немесе дәлелді бас тарту. Жуырда бұл қызмет салықтық әкімшілендірудің ақпараттық жүйесін кезең-кезеңімен енгізу аясында жаңартылды. Жаңарту жекелеген процестерді автоматтандыруға, электрондық өзара іс-қимыл сапасын арттыруға және әкімшілендіруді жеңілдетуге мүмкіндік берді. Жаңарту ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Қаржы министрлігінің өзара ынтымақтастығы аясында жүзеге асырылды.

Жайна Сейдахмет,

«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

леніп тығылып қалады. Мұндай жағдайда не істеу керектігін, өзін қалай ұстау қажеттігін және өзіне қандай қауіп төніп тұрғанын білмеуінің себебінен бала өзін осылай ұстайды. Білім жоқта үрей туындайды. Ең бастысы үрейдің болмауы. Байсалды болсаң және ақылмен әрекет етсең қауіптен құтылу оңай. Үрей мен сасқалақтау – бұл үнемі ақылды шешім табу мүмкіндігін жоғалтады. Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігін ережесін ұстану арқылы, өз балаларыңыздың қауіпсіздігін қолға алыңыз. От, газ, су және тұрмыстық химияны қауіпсіз пайдалануды өз мысалыңызда көрсете отырып, балаңызға қауіпсіздік мәдениетін үйретіңіз. Есіңізде болсын баланыздың қауіпсіздігі тек сіздің қолыңызда екендігін ұмытпаңыз.

Балаңыздың әр басқан қадамына қадағалаңыз, қайда және кіммен болатынын, сіз жұмыста болғанда, күні бойы қандай іспен шұғылданатынын сұраңыз. Кешкі уақытта көшеде балаңыздың қадағалаусыз жүруіне жол бермеңіз.

Балаларыңызбен жолға шыққан уақытта, автокөлік ішінде балаларды тасымалдау ережелерін қатаң сақтаңыз. Өз балаңызға жол жүру ережесін үйретіңіз. Жалпы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын ұстану өз қауіпсіздігі, денсаулығы мен өмірі үшін қажет екендігін балаңызға түсіндіріңіз. Өрт қауіп туралы ешқашан есіңізден шығармаңыз және сізбен мұндай болмайды деген ойдан аулақ болыңыз !!!

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1330 дана. Тапсырыс 908 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАУ БІЗГЕ МІНДЕТ!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР – БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚТЫҢ АРАСЫНДАҒЫ КӨПІР РӨЛІН АТҚАРЫП КЕЛЕДІ. МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ ПЕН РЕФОРМАЛАРДЫҢ ТИІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ОРНЫ ЗОР. ОСЫ ОРАЙДА, ОЛАРДАН КӘСІБИ БІЛІМ, ЖОҒАРЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК, ӨДІЛДІК ПЕН АДАЛДЫҚ ТАЛАП ЕТІЛЕДІ.



Бұл – уақыт талабы. Осы бағытта мемлекеттік қызметшілердің әдептілігі мен құқықтарының қорғалуы – басты назарда. Бұл ретте, Әдеп жөніндегі кеңестің атқаратын рөлі айрықша.

Әдеп жөніндегі кеңес – Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық департаменттерінің жанынан құрылған консультативтік-кеңесші орган. Оның негізгі міндеті – мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, бұзушылықтардың алдын алу және олардың құқықтарын қорғау. Кеңеске мемлекеттік органдардың өкілдерінен бөлек, мәслихат депутаттары, журналистер, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысады. Кеңес отырыстарына БАҚ өкілдері шақырылып отырады. Бұл қаралып жатқан мәселелердің ашықтығын, объективтілігін қамтамасыз етеді. Жыл басынан бастап Ақтөбе облысында Әдеп жөніндегі кеңестің 5 отырысы өткізілді. Осы отырыстарда профилактикалық сипаттағы мәселелердің жылдан-жылға өсуінен қаралатын тәртіптік істердің азайғаны байқалады. Атап айтқанда, 2023 жылдың 1-жартыжылдығында 12 іс қаралса, 2024 жылдың сәйкес кезеңінде – 10, ал биылғы жылдың осы уақытына дейін 6 тәртіптік іс тіркелді. Олардың барлығы әдеп нормаларын бұзуға қатысты.

Мәселен, әлеуметтік желіде Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласының әкімінің тарапынан жергілікті тұрғынға дерекі сөйлеу бойынша жағымсыз материал жарияланып, қоғамдық резонанс тудырған жағдайға әкеліп соқты. Осы жағдай бойынша лауазымды тұлғаның іс-әрекеті Кеңес отырысында қаралып, қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар, Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері мемлекеттік қызметшілердің әдептілік деңгейін көтеруге бағытталған шаралар қабылдап, белсенді жұмыс жасауда. Кеңес мүшелері отырысқа қатысып қана қоймай, мемлекеттік органдар арасында, оның ішінде аудандарға барып мемлекеттік қызметшілермен кездесіп, азаматтарға жеке қабылдау жүргізді. Мәселен, осындай іс-шаралар биыл Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінде және Мұғалжар ауданында өткізілді.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету – өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Осы ретте, азаматтармен қоса мемлекеттік қызметшілердің құқығын қорғау, олар бұзылған жағдайда қалпына келтіру Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелерінің қызметінің басым бағыттарының біріне жатады. Осы бағыты жүзеге асыру барысында Ақтөбе облысы бойынша Департаментімен мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау бағыты бойынша бірқатар

талдаулар жүргізілді, оның бірі мемлекеттік қызметшілерге ыссапар шығындарын төлеу мәселелеріне жүргізілген талдау нәтижесінде 2025 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша өңірдегі мемлекеттік органдардың 52 мемлекеттік қызметшісінің құқықтары бұзылған. Дәлірек айтқанда, Департаментпен жүргізілген талдаудың нәтижесінде мемлекеттік органдар тарапынан мемлекеттік қызметшілерге ыссапар шығындары заңнамада бекітілген мөлшерге сәйкес толық төленбегендігі анықталды. Осы талдау нәтижелері Ақтөбе облысындағы әдеп жөніндегі кеңесте қаралып, нәтижесімен 52 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді. Бұл көрсеткіш 2024 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысымен (29) салыстырғанда көбейген. Осындай бұзушылықтардың алдын алу мақсатында өңірдегі мемлекеттік органдар арасында көптеген түсіндіру жұмыстары (семинарлар, лекция, мақала жазу, интернет-конференция және т.б.) жүргізілді. Алдағы уақытта аталған жұмыстар жалғасын табатын болады. Мемлекеттік қызметшілердің мүддесін қорғаудың тағы бір түрі – үстеме жұмыстарға тартуға жол бермеу. Осы мақсатта 2023 жылы мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік органдарға бару, қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесі арқылы мониторинг жүргізу функциясы берілді. 2025 жылдың 1-жартыжылдығы бойынша жүргізілген мониторинг нәтижесінде 93 мемлекеттік қызметшінің тынығу сағаттарын беру және өтемақы төлеу арқылы құқықтары қалпына келтірілді.

Бұдан басқа, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де жеке қажеттіліктерін өндіріс мүдделерімен үйлестіру мақсатында қызметшілер үшін икемді жұмыс уақыты режимі белгілену мүмкіндігі қарастырылған. Осы режимді өңірде 36 мемлекеттік қызметші қолдануда. Жалпы, икемді жұмыс уақыты режимін қолдану мемлекеттік қызметшінің тиімді жұмыс атқаруына септігін тигізері сөзсіз. Сондай-ақ, Департаментпен азаматтардан келіп түскен арыз-шағымдарды қарап, тексеру жүргізу нәтижесінде де олардың құқықтары қорғалуда. Көбіне тексеруге түрткі болатын жайттар азаматтардың мемлекеттік органдардағы бос лауазымдарға өткізілген конкурстарға шағымдануы. 2025 жылдың 1-жартыжылдығында конкурс бойынша 7 шағым түсіп, нәтижесінде 2 конкурстың шешімінің күші жойылып, 2 азаматтың құқығы қорғалды, ал бұзушылықтарға жол берген лауазымды тұлғаларға айыппұл салынды.

Айбек ШІЛМАНОВ,
ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

ЕҢБЕК ЖАСТАРДЫҢ ЕНШІСІ

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ МЕН ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ БІРІГҮІМЕН “ЕҢБЕК! ЖАСТЫҚ! ЖІГЕРІ” АТТЫ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫНА ОРАЙ ЖАСТАР ФОРУМЫ ӨТКІЗІЛДІ. ФОРУМНЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ БИЫЛ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫНА ОРАЙ, ЕҢБЕКПЕН ӨСКЕН АУЫЛДЫҢ ДАРЫНДЫ, ТАЛАНТТЫ ЖАСТАРЫН ҮЛГІ ӨНЕГЕ ҚЫЛУ, АУЫЛ ЖАСТАРЫНЫҢ АУЫЗБІРШІЛІГІН НЫҒАЙТУ.

Форумға аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин қатысып, жастарға ізгі тілегін жеткізді. Форумға Саралжын ауылдық округінен шыққан дарынды, елдің алғысына бөленген жастар қатысты.

Нақты айтсақ, Техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ.Жұбанов атындағы университетінің «Металлургия және тау кен ісі» кафедрасының профессоры. Ақтөбе облысының, үздік “Жас ғалымы”, ҚР жоғарғы оқу орнының, үздік оқытушысы» Өтеген Сариєв, Әдебиет саласы бойынша Қазақстан Республикасының Дарын сыйлығының иегері, “Меценат.kz” әдеби байқауының жеңімпазы, өмір бойғы степендия иегері, “Ерен еңбегі үшін” медалінің иегері Әлихан Жақсылық, Ақтөбе қаласындағы «Мерей» құрылыс базасының директоры, «Темірлан» шаруа қожалығының ұйымдастырушысы Нариман Шаханов, Қарғалы қалалық ауруханасының Травматолог дәрігері, Травматология бөлімінің басшысы Қанат Сағидуллин және «Ақ бидай» облыстық спарта-



киадасының жеңімпазы, 2 дүркін Жұлдыз лига медиа қызметкерлері арасында екі жыл қатарынан жеңімпазы, Шәкірттері Асылхан Ізбергешұлы, Данияр Өтесінов, Алмас Ахметжановтар «Ақтөбе» волейбол клубында ойнап жүрген білікті бапкер Айбат Дайрабаєв. Жерлестерінің көз алдында өскен осы форумға әр қиырдан арнайы

келген қонақтар қандай биікке шықса да, біліммен еңбектің арқасында екенін баса айтты. Қанша биікке көтерілсе де ауылды, туған жерді ұмытпай, елдің игілігі үшін қызмет ету керек екенін айтты. Шара барысында ойындар және “Таза Қазақстан” акциясы ұйымдастырылды. Жастарды еңбекке баулу мақсатында “СПАРТА” шаруа қо-

жалығы таныстырылды. Ауылдардан келген жастар арасында эстафеталық жарыс өтіп, жүлдегерлер марапатталды. Жеңімпаз жастарға бағалы сыйлықпен алғыс хат табысталды. Форумға атсалысқан Саралжын және Қайыңды ауылдық округі жастары марапатталып, сыйлық табысталды.

САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР: 2025 ЖЫЛЫ МІНДЕТТІ ДЕКЛАРАЦИЯ КІМГЕ ӘСЕР ЕТЕДІ?



2025 жылғы 15 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және оны іске асыру мәселелері бойынша заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Бұл құжат елімізде жалпыға бірдей декларациялаудың жаңа кезеңіне жол ашып, азаматтар үшін бірқатар маңызды жаңашылдықтарды бекітті.

Декларация тапсырудан кімдер босатылады?

Жалпыға бірдей декларациялау кезең-кезеңімен енгізіліп келе жатқаны белгілі. Жаңа заңға сәйкес, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап бұған дейін декларация тапсырмаған азаматтар санаты — зейнеткерлер, студенттер, жеке ұйым қызметкерлері, ұй шаруасындағы әйелдер және тағы басқалар — міндетті декларациялаудан босатылады. Бұл ретте шетелдегі мүлкі, активтері немесе банктік шоттары бар азаматтар бұрынғыдай декларация тапсыруға міндетті екенін атап өту қажет. Сондай-ақ шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқ, Қазақстанда тұрақты тұрмайтын тұлғалар үшін активтер мен міндеттемелер туралы декларация тапсыру міндеті алынып тасталды.

Декларация тапсыру міндеті кімдерге сақталады?

Жаңа заңда декларация тапсыруы тиіс тұлғалардың нақты тізбесі айқындалған. Олардың қатарына мыналар кіреді:

1. Сайланбалы және мемлекеттік лауазымға кандидаттар мен олардың жұбайлары;
2. Банктердің, сақтандыру ұйымдарының, бағалы қағаздар нарығының ірі қатысушылары және олардың жұбайлары;
3. Жеке практикамен айналысатын тұлғалар (нотариустар, адвокаттар, жеке сот орындаушылар, медиаторлар);
4. Сандық активтері бар Қазақстан азаматтары мен резиденттері;
5. Шетелде мүлікке ие азаматтар (жылжымайтын мүлік, көлік, жер, шетелдік компаниялардағы үлес, инвестициялық алтын, бағалы қағаздар, шетелдегі банктердегі шоттар да 1000 АЕК-тен жоғары сома, т.б.);
6. Өзін-өзі салықтау объектісі болатын табыстары бар тұлғалар (жалдаудан түскен табыс, шетелдік шоттар бойынша сыйақылар, сандық активтермен операциялардан түскен кірістер);
7. 20 000 АЕК-тен асатын мүлік сатып алған азаматтар (2025 жылы бұл 78 640 000 теңге);
8. Салық агентіне өзге шегерімдерді қолдану туралы өтініш берген тұлғалар;
9. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің құрылтайшылары мен басшылары, сондай-ақ жарғылық капиталда 10%-дан астам үлесі бар және тұлғалардың иелері және олардың жұбайлары.

Декларацияға енгізілетін мәліметтер толықтырылды. Жаңа өзгерістерге сәйкес, декларацияға енгізілетін мәліметтер кеңейтілді. Енді мыналар көрсетілуі тиіс:

- Шетелдік брокерлік шоттардағы қаражат;
 - Дебиторлық және кредиторлық берешек (нотариалды куәландырылған шарттармен қатар, келісім-шарт, салыстыру актісі немесе сот шешімі арқылы да расталуы мүмкін);
 - 31 желтоқсандағы бағалау есебімен расталған, 1000 АЕК-тен асатын мүліктің құны (бағалау есебі 15 құркүйектен кешіктірілмей жасалуы тиіс);
 - Қаржы құралдары мен бағалы қағаздар, шетелдік эмитенттерге тиесілі.
 - Шығындарды жабу көздерін көрсету міндеті.
- Бұған дейін тек мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген тұлғалар ғана ірі сатып алулар бойынша қаржы көздерін көрсетуге міндетті болса, енді бұл талап:
- Қаржы секторының ірі қатысушылары мен олардың жұ-

байларына;
-10%-дан астам үлесі бар заңды тұлғалар құрылтайшылары мен басшыларына және олардың жұбайларына;
-20 000 АЕК-тен астам мүлік сатып алған барлық азаматтарға да қолданылады.
Декларацияны қалай тапсыруға болады?
*Электронды түрде: Мемлекеттік кірістер комитетінің web-порталы – cabinet.salyk.kz;
Электрондық үкімет порталы – egov.kz;
Мобильді қосымшалар: e-Salyq Azamat, eGov mobile, moldir.qoldau.kz, Kaspi.kz, HALYK Bank, BCC.kz.

* Қағаз түрінде: Мемлекеттік кірістер органдарына барып; ХҚКО-ларда; Тапсырыс хатпен пошта арқылы.

Қорытынды
Жалпыға бірдей декларациялау – бұл қоғамдағы ашықтықты арттыруға, көлеңкелі экономиканы азайтуға және азаматтардың салықтық мәдениетін нығайтуға бағытталған маңызды қадам. Жаңа заң талаптары декларациялау тетіктерін жеңілдетіп қана қоймай, нақты жауапты топтарға назар аударуға мүмкіндік береді. Азаматтарға жаңартылған талаптарды мұқият зерттеп, қажет болған жағдайда алдын ала дайындалу ұсынылады.

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

